

## Тәрбие жұмысындағы сынып жетекшісінің ролі

Мектеп өміріндегі басты тұлға-мұғалім. Үстаз тек балаларды оқытып қана қоймайды, сондай-ақ оларды тәрбиелейді. Сынып жетекшісі оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы, ақыл-кеңесшісі болып саналады. Сондықтан да ол қиын әрі жауапты міндетті іс. Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі қаншалықты қиын болғанымен, ол балаларға өте қажетті тұлға. Себебі, мектеп құрылымындағы ең негізгі буын ол – сынып. Мұнда оқушылардың таным әрекеті ұйымдастырылып, олардың өзара әлеуметтік қатынастары қалыптасады. Балалардың болашақ әлеуметтік жағдайға бейімделуі, олардың демалысына қатысты мәселелері, алғашқы ұжым болып қалыптасу дәрежесі, соған сәйкес сыныптың жағымды көңіл-күй жағдайы жүзеге асырылады.

Сыныпта оқушылардың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру тек сынып жетекшілеріне жүктеледі. Ол оқушыларға қатысты мектеп өміріндегі мәселелерді шешуде нақтылы көмектесуге және оларды тартымды әрі қызықты ұйымдастыруға тырысады.

Ол өзіне қатысты сыныпта оқушылар ұжымын ұйымдастыра отырып, сол сыныпта дәріс беретін пән мұғалімдерін, оқушылардың ата-аналарын және жұртшылықтың бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіріп, балаға деген талаптарын ортақтастырып отырады.

Сынып жетекшісінің жұмысының негізгі мақсаты-мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерін, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз етіп, жан-жақты дамуына жағдай тудырады. Сондықтан сынып жетекшісінің жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының барлығы осы мақсатқа бағытталуы тиіс. Атап айтқанда тәрбиенің негізгі салалары: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне тағы да басқа тәрбие міндеттерін мектеп пен сыныптың жағдайларына байланысты қарастыру.

Сынып жетекшісінің міндеті-сан алуан. Сол себепті ол жүргізетін тәрбие жұмысы өзінің психологиялық мазмұны жағынан өте күрделі әрі көп ізденісті талап етеді.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттерінің бірегейі мыналар:

1. Сыныптағы оқушылардың неге бейімділігін анықтап, олардың ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.
2. Сыныптағы оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.
3. Тәрбие үрдісінде мектептің, отбасы мен қоғамның тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.
4. Тәрбиенің негізгі бастауы – ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір саласы ретінде қарастыру.